

Келісілді
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Білім беруді жаңғырту орталығы»
МКҚК басшысы



С. Мадеев
«12» 09 2022 ж.

Бекітемін
Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназиясының
директоры



А. Кашаева
2022 ж.

**А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ» атты қалалық
ғылыми-әдістемелік конференцияның өткізілу ережесі**

I. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы және жаңа Қазақстанның білім жүйесі» атты қалалық ғылыми-әдістемелік конференцияны (бұдан ары – конференция) өткізу тәртібін, негізгі бағыттары мен ұйымдастыру ережесін айқындайды.

1.2. Конференцияның ұйымдастырушылары: Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

1.3. Мақсаты:

аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы қызметін жаңаша пайымдау, Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени және педагогикалық өміріндегі рөлі мен сіңірген еңбегін бағалай отырып, әдістемелік және ғылыми еңбектерін насихаттау.

1.4. Міндеттері:

- А. Байтұрсынұлының мемлекеттік-саяси және мәдени-тарихи қызметін дәуірдің қоғамдық-саяси ақиқатымен байланысын ашу;
- педагогтердің ойлау-пайымдау қабілеттерін арттырып, ғылыми-шығармашылық бағыттағы ізденістеріне қолдау көрсету;
- мектеп мұғалімдерінің оқу-әдістемелік тәжірибесін дамыту.

II. Конференция қатысушылары

2.1. Конференция қатысушылары: Нұр-Сұлтан қаласы білім беру ұйымдарының педагогтері.

2.2. Тілі – қазақ.

2.3. Қатысу форматы – онлайн

2.4. Қатысу тегін.

III. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Конференция екі секциядан тұрады.

1-секция: «А. Байтұрсынұлы мен Алаш қайраткерлерінің сабақтастығы» тақырыбында ғылыми жұмыстар баяндалады. Қамтитын салалары: мемлекет ісі, тарих, әдебиет, тіл, тұлғатану, өлкетану. 1-секцияға қатысатын мектептер: Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейі, Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, Міржақып Дулатұлы атындағы №68 гимназиясы, Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектебі, Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясы.

2-секция: «Оқыту процесіндегі А. Байтұрсынұлы мұрасы: идея, әдістеме және жаңашылдық» тақырыбында мектеп мұғалімдерінің әдістемелік бағыттағы жұмыстары баяндалады. Қамтылатын тақырыптар: «А. Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі қазақ тілін оқытудағы маңызы», «А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері», «А. Байтұрсынұлының тілді оқыту әдістемесіне қосқан үлесі», «А. Байтұрсынұлының шығармаларын сабақ үрдісіне енгізудің әдістемесі», «А. Байтұрсынұлының әдістемесін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары», «А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұралары», «А. Байтұрсынұлының тәлімдік ой-пікірлерін оқу тәрбие үрдісіне енгізудің әдістемесі».

IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ, ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

4.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Маманова Жанар Сейдахметқызы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК әдіскер және қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні Педагогтер қауымдастығының көшбасшысы Төлеубаева Самал Жақсылыққызы, байланыс тел.: +7 775 117 8221, +7 778 449 7385.

- Исмаилова Арай Жалеловна, Жұмабаева Айсұлу Сапарқызы, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының директорының бейіндік пәндері бойынша орынбасарлары, байланыс тел.: +77013785979, +7 70116254892.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: 010000 Нұр-Сұлтан қаласы, А. Иманов көшесі 37, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия.

4.2. Өткізілу күні, уақыты: 20 қыркүйек 2022 жыл, сағат 10.00.

4.3. Конференцияның өткізілу тәртібі:

I кезең – өтінімдерді тіркеу мен жұмыстарды қабылдау.

4.4. Конференция жұмысы мен Өтінім 2022 жылдың 16 қыркүйегіне дейін бірінші секция бойынша abai_zhoba_2022@bk.ru (№48МЛ, №76МЛ,

№68 МГ, №51 МГ, №49 ОМ, №86 МГ, №90 Г), 2-секция бойынша til.mamanu-01.09.2022@mail.ru электронды поштасына төмендегі талаптарға сәйкес қабылданады:

- қатысуға өтінім (1-қосымша);
- талаптарға сай жазылған секция жұмыстары (2-қосымша);
- мақаланы рәсімдеу үлгісі (3-қосымша).

4.5. Конференция материалын электронды пошта арқылы жібергенде электрондық хаттың тақырыбына және жіберілген материалға конференция атауы және қатысушының аты-жөні толық жазылуы қажет. Әр мектептен пән бірлестік мүшелерінің келісуімен 1 үздік жұмыс жіберіледі.

4.6. Көрсетілген мерзімнен кешіктірілген немесе талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қарастырылмайды және қайтарылмайды.

II кезең – конференцияны өткізу.

Конференцияның өтетін орны: 20 қыркүйек 2022 жыл, сағат 10.00., Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия, А. Иманов көшесі 37.

V. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

6.1. Конференцияның барлық қатысушысына сертификат беріледі.

6.2. Қатысушылардың үздік жұмыстары Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК-нің мынадай номинацияларымен марапатталады:

- Үздік конференция баяндамашысы;
- Үздік зерттеу жұмысының идеясы;
- Тақырыпты үздік креативті баяндағаны үшін;
- Автордың жаңашылдығы;
- Өз пікірінің дәлелі мен қисындылығы үшін.

6.3. Жинақ материалдары ұйымдастырушылар сайттарында жарияланады.

- Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының «Ғақлия» ғылыми журналы.

- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Білім беруді жаңғырту орталығының сайты: www.astana-modern.kz

**«Білім беруді жаңғырту орталығы»
МКҚК басшысы С. Мадеевке
(мектеп атауы және мектеп директоры
аты-жөні (шығыс септігінің
қосымшасында)**

ӨТІНІМ

А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы және жаңа Қазақстанның білім жүйесі» атты қалалық ғылыми-әдістемелік конференцияға төменде берілген педагогтің қатысуына рұқсат етуіңізді сұраймын.

1. Аты-жөні _____
2. Мектебі, тобы, мамандығы _____
3. Ғылыми жетекшісі _____
4. Мекенжай _____
5. E-mail _____

6. Баяндаманың (мақала) тақырыбы _____
Күні, айы, жылы _____ Қолы _____

Мектеп директоры:

(аты-жөні)

(директордың қолы, мектептің мөрі қойылуы қажет)

ҚАТЫСУШЫНЫҢ БАЯНДАМА МАЗМҰНЫНА, ЖАЗЫЛУЫНА, СӨЗ СӨЙЛЕУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жұмыстың мазмұнына қойылатын талаптар:
 - конференция тақырыбына сай болуы;
 - жұмыстың ғылыми-әдістемелік маңыздылығы;
 - зерттеу мәселесін талдау;
 - зерттеу жұмыстарының негізгі қорытындысы мен ұсыныстары.
2. Сөз сөйлеу талаптары:
 - сөйлеу уақыты 7 минуттан аспау;
 - слайдтар саны 8-ден артық емес.
3. Жұмысты рәсімдеу талаптары:
 - баяндама көлемі 5 беттен аспауы тиіс;
 - жоғарғы және төменгі шегі – 2 см, сол – 2,5 см, оң – 1,5 см;
 - қаріп түрі: Times New Roman, кегль 14;
 - қатараралық иентервал – бірлік;
 - $\frac{3}{4}$ фотосы қойылып, содан соң астына автордың аты-жөні, жұмыс орны, баяндама тақырыбы Бас әріппен жазылып, мәтін бірден жазылады;
 - баяндама соңында әдебиеттер тізімі беріледі;
 - редакциялық алқа мақаланы жариялау, қабылдамау және плагиатқа тексеру құқығын өзіне қалдырады (70 пайыздан астам плагиат белгісі табылған жағдайда мақала қабылданбайды).

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ



Қалқаманова Гүлдарига Шабытқызы,
№101 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

А. Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін оқу тәрбие үрдісіне енгізудің әдістемесі

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қырық мысал» атты аударма жинағы 1909 ж.
2. ...